



*Алмысбес ӘДІЛХАНҰЛЫ,
Баянауыл ауданының құрметті
азаматы, шежіреші, өлкетанушы*

ОРТА ЖҮЗДІҢ ШАМШЫРАҒЫ

«Ақбеттау» журналының бұл саны заманында исі қазаққа аты мәлім болған Мұса мырза Шорманұлына арналуы өте орынды деп білемін. Алла рахметін айласын бәріңізге!

Кешегі келмеске кеткен кеңестік қоғам XIX ғасырда еуропада қолданылған алдау, арбау, отарлау т.с.с. құйтырқылық әрекеттерді пайдаланып, әр халықтың қоғамдық, рухани тірлігін ескерместен, ағайындық, қауымдастықпен имандылыққа сүйенген қазақ жұртына үлкен рухани апат әкелді. Соның салдары болар, тәуелсіздік алғанымызға отыз жылдай уақыт өтсе де, елім деп еңіреп өткен талай ерлердің есімдерін қайтадан жаңғырта алмай келеміз. Әлі күнге дейін көптеген адамдар кешегі Шоң мен Шорманды, Секербайларды, Мұса мен Сәдуақасты «езуші таптың» билеушілері деп түсініп келеді. Осының барлығы насихаттың жоқтығынан, өз тарихымызды өзіміз танымағандықтан болып жатқан келеңсіз шаруа.

Баянауылды мақтағысы келгендер «бұл жердің оқыған-тоқығандары көп болған» деп, бастауында Қаныш Сәтбаев тұрған, Әлкей Марғұлан, Әбілқас Сағынов, Шапық Шөкин, Серікбай Бейсенбаев, Жақан Ержанов т.б. академиктерді айтып, тізбектей жөнеледі. Шәкен мен Қаукен бастаған өнер иелерін айтады. Дұрыс-ақ, бұлардың барлығы Баянаула жерінен шыққан аттары белгілі азаматтар. Бірақ осылардың барлығы академик немесе өнер иелері болып аспаннан түсе қалған жоқ. Үлкен өзеннің бастауындағы бұлақтың көзі секілді, осылардың арғы

бастауында шарапаты зор тұлғалар болғанын, солардың салып кеткен сара жолы екенін өкінішке орай еске ала бермейміз. Елдің елдігін сақтау, өнеге мен білімге, жақсылыққа деген құштарлық кешегі Шоң мен Шорман заманында қалыптасып, одан бергі де Мұса мырзаға ұласқан. Және сол дәстүр бертін, Баян жерінде кеңес билігі орнағанша сақталған. Міне, Баянауладан жақсы мен жайсаңның, зиялы мен білімдінің көптеп шығуының бір себебі осы.

Баянаула елінің басшылығында болған Шоң мен Шормандар, Мұсалар Ресей империясының отаршылдығына мойынсұна тұра, өздерінің дарын-қабілеттерін ел игілігіне жұмсап, ел басқару жұмысын халықтың ұлттық мінез, психологиясымен үйлестіре білген адамдар. Қазір «әкім бол, халқыңа жақын бол» деген нақылды жиі айтамыз. Бірақ кейбір әкімдердің тірлігіне сырттай карап отырып, көңіліміз толмай жатады. Бұл менің әрине, жеке пікірім. Әр адамның өз пікір, көзқарасы болады ғой. Немістің ұлы философы Гегель: «Барлық адам бір ыңғайда ғана ойласа, онда олардың ештеңе ойламағаны» деген қанатты сөзі бар. Сондықтан өзінше ой қорыту адам баласына тән нәрсе. Көптеген шенеуніктерде кешегі әміршіл-әкімшіл кеңес заманынан қалған өркөкіректік, өзін басқадан артық санаушылық, мансапқа мастық, озбырлық та болған. Осыларды көріп отырып, өз заманында жарлы мен жақыйбайды, би мен болысты бірдей тыңдап, әділ билігін берген кешегі Шоң мен Шормандар, Секербайлар, Мұсалар, Үкібайлар еске түседі.

Заманында отарлаушылармен аласып өткен Кенесары хан күні туып, айналасына ел жиылып, көтерілістің шегіне жетіп тұрған кезінде (1838—39 жылдардың бірі болса керек), ұлт-азаттық қозғалыстың мән-мағынасын түсінсе де араласа қоймай сырт жүрген Мұсаны Шорманұлын ұстатып алдына алдырып (Мұса ол кезде жас жігіт), оның соңындағы Сүйіндік елін көтеріліске тарту үшін:

– Сен өзің қылмысыңды білесің бе, мойындайсың ба?! – деп сұрапты. Бұл сұрақтың себебі, Кенесары ханға жақтас болып, біреуі атылып, енді бірі айдалып кеткен Азынабай байдың екі ұлы Сейтен мен Тайжанның таргедиялық тағдырына Мұсаны кінәлі санаса керек.

Сонда Мұса:

– Әй, таксыр, мойындаймын, – депті дейді осы әңгімені айтушылар. – Мен өлімнен қорықпаймын, ажал адамға бір-ақ рет қана келеді. Мен арманыма жете алмай өлем бе деп қана өкінемін, – дейді Мұса.

– Ол арманың не? – деп сұрайды Кенесары.

– Арманым азамат болып, еліме қызмет ету, – деген екен сонда Мұса. Кенесары осы сөзден соң оны босатып жіберген екен дейді. Шындығында да Мұса Шорманұлының содан кейінгі бар ғұмыры тек еліне қызмет етуге арналған.

Мұса мырза тегінде ел-жұртты Кенесарыға еріп, Ресейдің жазалушы әскерімен ашық айқасып кетуден сақтандырса да, ол ұлт-

азаттық көтеріліске іштей тілектес болып отырған. Және өзге қазақ сұлтандарындай отаршыл өкіметке жағынып, жалған мадақ естуден өзін аулақ ұстаған. Мұсалар сол кезде зеңбірегін сүйретіп, отқарумен қаруланған патша әскеріне сойыл, шокпармен қарсы тұра алмай, халықтың текке қырылатынын білген шығар. Ол сол заманда татар зиялылары секілді, көзсіз ерліктен гөрі, айла-тәсілмен ұлттың өзегін сақтап қалу саясатын ұстанғанын байқайсыз. Ол әдіс – халықтың рухын оятып, ғылым мен білім жолы арқылы елдікті сақтап қалу болатын. Мұса мырзаның өмірдегі негізгі мақсаты осы болған. (Өздеріңіз білесіздер, 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілістің кезінде де Әлихан бастаған Алаш зиялылары да патша әскерімен қарулы қақтығысқа қарсы болған, ақыры солардың болжамы дұрысқа шығып, көтеріліс басылғасын тек оған қатысушылар ғана жазаланып қоймай, қаншама қазақ ауылдары қырғынға ұшырап, жүздеген жазықсыз адамдар атылып, шабылып, талай ауылдар елден ауып кеткен).

Мұса мырзаның атап айтарлық бір қасиеті, ол патша өкіметінің дала қазақтарына қатысты саясатын алдын-ала болжап, соны шама келгенше ел пайдасына жарата білген. Патша билігінің ол кезде қазақ сахарасында учительдер, тілмаштар, фельдшерлер ұстауы халыққа жаны ашығандықтан емес, ол да отарлаудың бір тетігі еді. Олар ел ішіне отарлау саясатын таратушылар болатын. Мұса мырза осыны да ел пайдасына жаратуға тырысқан.

Ол кезде қазақ оқу кадрін біле қоймаған уақыт. Мұса осы себептен, қазақтар қолындағы жалғыз-жарым баласын оқуға бере қоймас деп, білімге тарту жұмысын бала-шағасы көп және алысқа барып оқуға шамасы келе бермейтін қоңырқай тұрмысты отбасылардан бастайды. Бірақ ол кезде ел іші қараңғылықпен баламыз шоқынып кетеді деп ойлап, бермеуге тырысқан. Мысалы, өзінің атам Жуанышбайды Омбыға фельдшерлік оқуға бергізеді. Бірақ әкесі Асаубай бабамыз (1810—1908) «кісі соятын» оқу деген алыпқашпа сөзге сенін, ондай оқудың керегі жоқ деп Мұсаның мазасын ала бергесін, жылға жеткізбей қайтадан алып келген екен. Жарықтық Мұса мырза Асаубай бабамызға:

– Әй, бөле-ай, балаңыз оқып адам болатын еді, мазамды ала бердіңіз ғой, енді Омбыға қатынассам ала келейін, – деп, баланы әкеп берген екен. Ол кісінің бабамызды «бөле» деп отырғаны, екеуінің де шешесі Қуандық елінің қызы екен. Осы бір қарапайым эпизодтан Мұсаның аса кішіпейіл, өз дәрежесін басқадан биік қоймайтын, жасы үлкен адамға деген ілтипаты бөлек адам екенін көреміз. Өсы күні қай әкім әлдебір шалдың баласын оқытып адам қылам деп қалаға сүйреп жүр?

Бала Мәшһүрдің дарындылығын естіген Мұса мырза бір жиынды жерде әкесі Көпей сопыға өтініш жасап, сәбиді сол жерге алдырып, өлең-жырын тыңдап, оның ерекше дарын, қабілетін танып, «Атың бұдан былай Мәшһүр Жүсіп болсын» деп батасын бергенін Мәшекен

өзі жазады. Бұл да Мұсаның ел ішіндегі кез келген жақсылық нышанды көзден таса етпейтін, қайырымы мен кеңдігі, зейінділігі мол адам екенін байқатады. Мұсаны Мұса етіп, басқалардан ерекшелендіріп тұрған да осы қасиеті. (Өкінішке орай, 2016 жылы Мәшһүр жайлы түсірілген фильмде Мұса мырзаны қазіргі басшылар секілді өктем сөйлейтін, сұсты, тәкаппар адам етіп көрсетіпті. Ол ондай кісі болмаған, керісінше «қалқам», «қарағым», «айналайын» деп сөйлеуі керек еді. Фильмде ондай қазақи сөздер жоқ екен). «Медресе, мешіт салғызып, жақсы молда алғызып, надандықты шет керіп, ғалымдық жолын білгізген» – деген Мәшһүр Жүсіп жоқтауындағы сөздер Мұсаның адами болмысын ашып, кез келген әкім-қараға үлгі-өнеге болып тұрған секілді.

Әнші, композитор Жарылғапбердіні, тума дарын Айдабол Жапар ақынды Құттыбайұлын тәрбиелеп, өз маңында ұстаған екен. Жапар ақын жайлы деректер қазір өте аз. Біраз өлеңдері ғана ел аузында сақталған, сондай-ақ, Мәшһүр Жүсіптің 20 томдығының бір жерінде шамалы айтылып өтеді. Дегенмен, тарихшы Мақсат Алпысбес «Айдабол шежіресі» деген еңбегінде Жапар жайлы біраз деректер жинаған екен. Заманында аса дарынды болған Жапар ақын қолы қысқа, қоңыртөбел ғана тұрмысы бар адам болса керек. Өзі өлең сөзге аса жүйрік, табан астында тауып айтатын ақын болыпты, тіпті әйгілі Шөженің өзі Жапар отырған жерде сақтанып сөйлейді деседі. Осы Жапар жоғарыдағы Ерейментау, Қараөткел жағына барып, ел аралап, өлең айтып, қалтасына аз-маз тиын-тебен түсіріп, елге қайтып келе жатып, жолдағы Қаржас-Талас ауылдарына соғады. Сол ауылдардың бірінде Әмір деген адам (шамасы старшын болса керек) Жапардың қалтасындағы ақшасын тартып алып қиянат жасап жіберіпті. Бұл әңгімені маған Айдостағы Мәшһүр Жүсіп ашқан мешіт-медреседе оқыған пәлен ақсақал айтып еді деп, сол ауылда бастауыш сынып мұғалімі болған, кейін Күркелі (Ж. Шанин) ауылында тұрып, кейінгі 10 шақты жыл сол жердің мешітінде имамдық еткен марқұм Егеу Райымбекұлы айтып еді.

Старшыннан жәбір көрген Жапар Мұсаға келіп:

«Мырзағұл, Сәти, Күшік, Шорманым-ай,

Құлболды, Құлекемен қорғаным-ай.

Талас Әмір ақшамды тартып алды,

Алып берші ақшамды, формалым-ай!» – деп мұңын шаққан екен. Мұса мырза осыдан соң өзінің болыс інісі Мұстафаны шақыртып алып, оның үйіндегі әбдірасын ашқызып, сары әмиянды алдыртып: «Мынау 10 сом Құлекенің аруағы үшін, мынау 10 сом Құлболды бабаның аруағы үшін, ал мынау қалғаны Талас Әмірдің тартып алғаны үшін» – деп Жапар ақынның қолына 60 сом ұстатыпты. Сонда інісі Мұстафа болыс: «Менің жазығым не, ақшамның өтеуін қайдан аламын дегенде?», Мұса мырза: «Талас Әміре Жапардан алады, Жапар Мұстафадан алады, Мұстафа Әмірден алады» деп жауап қайырған екен.

Бұл әңгіменің тағылымдығы мол және бірнешеу: Біріншіден, болыс інісі Мұстафа карамағындағы старшындардың озбырлығын тыйсын, тыя алмаса моральдық, материалдық тұрғыдан өзі жауапкер болсын дегені. Сөйтіп, өзің төле деп, інісі Мұстафаны әрі жазалап, әрі тәрбиелеп отыр. Екіншіден, Мұса мырзаның адамның бай-кедейіне карамай, жәбірленушіге бірдей карайтын кайырымы, жомарттығы. Және істі созбақтамай, сол сәтінде шешіп беруі. Қазіргі әкім-қараларға Мұса мырзаның осындай игі істерін үлгі етсе, артық емес дер едім.

Сол замандардан бүгінге жеткен Мұса мырза мен Қозған Қопа шешен жайлы бір әңгіме бар. Аяғына басқан сиырдың жапасын сүртпестен төрдегі кілеміне шығып кеткен Қозған Қопа шешен: «Менің ауылымнан алып келген боғым жоқ, Мұса, бәрі өз боғың, бұл боқ кешегі әкен Шорманнан да, қалған ертең сенен де қалады» – дегенде, «Дұрыс айтасыз, Қопеке, бұл боқ кімнен қалмаған» – деп, қарияға қарсы келмейді. Бұл жерде Мұсадан басқа ақылсыз басшы болса, Қопаға ит қосып қуар еді. Бірақ Мұса жарықтық өзінің тектілігін тағы бір көрсетін, сиыр мініп келген Қопа шешеннің иығына шапан жауып, астына ат мінгізіп қайтарыпты.

Он бес жылға жуық дуанбасы болған Мұса мырза елдің ұры-қарыларын тыйам деп, біраз адамдарды ұстатып қаматтырып отырғанда, үстіне 17 жыл болыс болған Күлік Жаңабатыр бидің ұрпағы Қосақтың Торсықбайы келін: «Мұсажан, мен десең мыналардың бәрін босат!» – дегенде, сөзге келместен әлгілердің бәрін босатып, Торсекене жеке үй тіктірген екен. Бұл Мұсаның мансабына карамай үлкенді сыйлай білуінің, сөзге тоқтауының белгісі. Бүгінгі ел басқарып жүрген азаматтардың есінде болатын-ақ шаруа.

Мұса Шорманұлының кісілік, қайырымдылығын айғақтайтын тағы да бір әңгіме. Қаракесек Байсейіт би Абылай ханның атақты батырларының бірі Жарылғаптың немересі. Бөгенбайдың батырдың қалмақ әйелінен туған Қырғи атты қызын Жарылғап баласы Қырбас батыр алып, Байсейіт би содан туған екен. Бұл кісі ел ішінде «Бәжең» атанған сыйлы адам болыпты. Осы Бәжең Көлбай деген адам болыстыққа сайланғанда: «Бұрын аттың сауырында едің, енді жауырыынна міндің, байқарсың!» – депті деседі. Осы бір ауыз сөзден оның «ел ішінің шешілмеген шаруасы көп, қамқор бола біл» деген ескертуін ұғуға болады. Аталмыш әңгіме ұмытпасам, «Парасат» журналының 2000 жылғы төртінші санында жарияланған, авторы – жазушы Кәмел Жүністегі. Байсейіт биден туған – Нұрлан, одан – Токсанбай, одан – Ғаббас. Кейін кенестік үкімет Байсейіт ұрпақтарының соңғыларын атып құртады...

Осы Бәжең бастаған ел Кенесарының ұлт-азаттық көтерілісіне де қатысқан. Кейін Байсейіттің жалғыз ұлы Нұрланды патша үкіметі Кенесарының қарақшыларымен байланысы болған деп, абақтыға жаптыртып тастайды. Амалы таусылған Байсейіт Айбике-Шаншар елінің

басшысы Тіленшінің Алшынбайының жолын тосып: «Атам – Жарылғап батыр, өз атым Байсейіт» – деп бастағанда Алшынбай: «Тағы, тағы...» – дей беріпті. Бірақ Байсейіт бұдан артық үн қатпайды. «Неге үндемедің?» – дегендерге, «Ол білмей тұрған жоқ, әдейі сұрап тұр. Қанғып кеткен Түйте мен Қонырбайды, үсіп өлген Қырбасты айтқызғалы тұр» – депті.

Біреп күн өткен соң Алшынбай Бәжеңді өзі іздеп келіп:

– Байсейіт, сені табалайын деген ниетім жоқ. Жол тосқанда не жұмыспен жүргенінді де білдім. Нұрланжанның ісі ауыр екен. Менің қолымнан келер емес-ау, – дейді.

Байсейітұлы Нұрлан еш адамның тілегін жерге тастамайтын аса мейірімді де мерейлі жомарт азамат болған деседі. Үйі өртеніп кеткен Қуандық елінің бір әйеліне өзінің үйін босатып берген екен. Сұраған адамның бетін қайтармай, қос-қостан жетектетін жіберетін баласының көңілжықпастығын білетін әкесі Байсейіт: «Саған Нұрлан береді, маған кім береді?» – деп, әлгінің жетегіндегі малын алып қалады екен...

Алшекең әлгіндей дегесін, үміт генерал-губернатордың өкілі Шорманның Мұсасында қалып, Байсейіт Қарқаралы жағында жүрген Мұса мырзаның жолын тосып, аман-саулық сұрасқасын:

– Мұсажан, бар жақсылығыңды Баянға алып кетпе, бізді де ұмытпа! – деген екен. Жол тосушының кім екенін, шаруасының қандай екенін білген Мұса атының басын қайтадан Қарқаралыға бұрып, сол жердегі орыс ұлықтарының көмекейін бекітіп, Нұрланды әуелі кепілдікке, сонан соң біржола босаттырып алады.

Енді жоғарыдағы Мұса мырзаның жастарды білімге тарту жұмысына келсек, ол бірінші кезекте қоңырқайлау, қолдары қысқа отбасынан шыққан балаларды назарға алған дедік. Осындай ортадан шыққан балаларды ХІХ ғасырдың 50—60 жылдары Омбы мектептеріне береді. Мысалы, Қарамола болысындағы Шоманның малшысы Сейіттің баласы Жұман, осы болыстан Асаубай баласы Жуанышбай, Ақбеттау болысынан Айманның сегіз ұлының бірі Аббас, Айтбақы баласы Дүрман, Мұсаның өз баласы Сәдуақас сол кездегі оқып білім алған жастар. Марқұм Әлкей Марғұлан: «Қаныш 6 жасынан бастап Аккелін болысының орталығынан ашылған ауыл мектебінде оқиды. Оның оқытушылар Омбы мен Семейде, Павлодарда білім алған бірталай сауатты адамдар болды. Олардың ішіндегі ең білімдісі Шоқанның туысы Бексұлтан Уәлиханов, Сұлтанәлі (Боктай) Жуанышбайұлы. Бұл мектепте орыс тілі мен шығыс әдебиеті қатар жүрген. Қанышқа ең бірінші орыс тілін үйретуші Терентьев деген кісі» – деп жазады.

Мұса мырзаның ықпалымен білім алған жастардың алғашқа легі ХІХ ғасырдың 30—50 жылдарының төлдері болса, одан кейінгі топ сол ғасырдың екінші жартысында дүниеге келген жастар легі болатын. Олардың қатарында Омбы мен Павлодарда орысша тілмаштық,

фельдшерлік мектептерде ғана емес, гимназия мен семинарияларда оқыған, Омбының, Новосібірдің, Томның, Қазан мен Мәскеудің, Петербургтың оқу орындарына барып түскендер де болды. Сөйтіп Мұса мырзаның мұрындық болуымен басталған білім мен ғылым қуу дәстүрінің екінші буыны пайда болды. Осылардың кейбірі ауыл мектептеріне оралып мұғалімдік қызмет бастаса, кейбіреулері қалалардағы қазақ-орыс мектептерінде сабақ беріп жүрді. Олардың қатарында Әбікей Сәтпаевты, Жармұхаммет (Жәржан) Біләлұлын, Әміре Айтбаққинді, Сұлтанәлі Жұбанышбайұлын, Ахметолла Барлыбаевты, Тәуекел Нұркинді, Шайбай Аймановты, Мұқыш Боштаеваты, Асылбек, Мұратбек, Мұсылманбек Сейітовтерді, Нұрғали Қадылбековты, Қартқожа Тоғанбаевты, Жүсіпбек Оймауытұлын, Сұлтанмахмұт Торайғыровты, Асфандияр Шормановты, Қадыр Тайшықовты, Насыр Ноғаяевты т.б. ата едік. Бұлардың қатарынан тек учитель мен фельдшер ғана емес, ветеринария мамандары, заңгерлер, инженерлер, қоғам қайраткерлері шыға бастады. Осылардың ізін қуып, ХХ ғасырдың 20—30 жылдары Қаныш пен Әлкей бастаған ғалымдар тобы қанат қақты. Бұлар Баянауыл жерінен шыққан, оқу-білім іздеген жастардың үшінші легі десе де болады. Қарап отырсақ, осылардың барлығы кешегі бір заманда ауыл-ауылды аралап жүрін бала жинап, оларды Омбы мен Павлодарға жетелеп апарып оқытқан Мұса мырза салып кеткен ғылы-білім соқпағы арқылы өмір көгіне көтерілген адамдар екен. 1903 жылы Аккелінде ашылған, орысшы-қазақша қатар сабақ беретін мектепте, Баянауланың орыс-қырғыз мектебінде, Шақшан бастауыш мектебінде, Боштайдың ағаш үйінде ашылған мектепте Мұса мырза бір кезде өзі апарып оқытқан балалар қайтып келін ұстаздық етті. Міне, Мұса Шорманұлының қайраткерлік еңбегінің екі ғасырға жеткен шарапаты осындай!

Академик Шапық Шөкин өзінің «Өмірдің төрт кезеңі» атты кітабында: «Қаныш Имантайұлы менің ғылымға құлай берілуіме жол ашып, халық үшін өмір сүруді үйретті. Осының арқасында мен ғылым тағдырдың сыйы екенін түсініп, жолына оңай түстім» – дей отырып, Қаныш ағаға кезінде жершіл, баянауылшыл деп таққан дәлелсіз жаланы жоққа шығара келе:

«...Что из Баянаула слишком много молодые ребята на заре века уезжали учиться в крупные культурные центры, то тут Сатпаев ни причем. В те годы волостным управителем в Баянауле был Муса Шорманов, человек редкостной по тому времени образованности и широты взглядов. Среди шаруа он насаждал культ знаний своей высокой культурой, служил примером местной молодежи» – дейді. (Чокин Ш. «Четыре времени жизни», Алма-Ата, 1992). Міне, Мұса мырзаның қандай адам болғанын Шапық ағамыздың осы бір ауыз сөзінен-ақ білуге болады.

Жарықтық Мәшһүр Жүсіп: «Қазақта бір мақал бар, бір-ақ ауыз сөз осының бәріне татиды, «тайдың жорғасы – түйе болады, жігіттің жорғасы – еліне ие болады» дейді. Өз көзім көрген, өз тұсында Шорман баласы Мұсадан жорға озған жоқ. Осы күнгі жастарда Қаныш Сәтпаев адамның жорғасы. Тірі болса, тірі жүрсе, бақты, талайлы болатын жігіт» – деп екеуін қатар бағалаған екен. Сол кезде Қаныштың жасы жиырманың ішінде ғана болар. Мәшһүр үйде отырып соны бағалай білген, Алла рахмет айласын әулиелігін көріңіз!

Сөз реті келгенде айта кетелік, кезінде Мұса мырза жетектеп апарып оқытқан бір шоғыр жастардың ішінде Айдабол-Төлебайдың Жоланынан тарайтын Тойбазардың немересі Мұстафа Бүркітбайұлы да болуға тиісті. Тарихшы-ғалым Мақсат Алпысбестің «Айдабол шежіресі» кітабына дерек берушілер оны 1806—1833 жылдары жасады депті. Көңілге қонбайтын дерек екен дедік. Оның кадет корпусына түскені, одан соң тастап кеткені рас болса-дағы, көңілге қонымды деректі жарықтық Мәшһүр Жүсіп беріп тұр. «Мұстафаның туып-өскен жері – Сарыарқа, Баянаула тауы. Оны көрген, замандас болған адамдардың айтуы бойынша, туған жылы 1850 жылдың шамасы, қайтыс болған жылдары 1880 жылдардың шамасы» – дейді. Түрі, түсі, сымбатына дейін суреттеп айтады. Мұса мырза Мұстафаның көзі ашық әкесі Бүркітбайды орысша тіл білгенінің арқасында жаңадан ашылған Әжібай-Қанжығалы болысы басшысының орынбасарлығына өткізген...

Айдабол-Жанғозы арасында туып-өскен, Ақбеттау болысын жақсы білетін ақын, жазушы, марқұм Дихан Әбілев: «Сонда да Мұстафаның жөні басқа, хақым жоқ ол туралы толғамасқа, небәрі жиырма төртте қыршын жаста» – деп жырлайды. «Мұстафа музыка өнерінің еуропалық озық үлгісін меңгерген, әнші, сері, композитор. Глинканың «Иван Сусанин» операсына ден қойып, Жасыбай батыр туралы опера жазу үстінде жазым болған. 1866 жылы Қоңырқұлжаның асында ән шырқаған» – деп жазады ол туралы «Социалистік Қазақстан» газеті 1990 жылғы 214 санында.

Дәл осы Мұстафа секілді ғұмырбаяны, еңбектері зерттелмеген каншама адамдар назардан тыс қалып жатыр. Сондай аты ұмыт болған адамның бірі – Арынғазы Боштаев. Шапық Шөкин өзінің жоғарыда аталған еңбегінде ағасы Ризаның Жасыбайдағы төрт жылдық мектепке алып барғанын, онда өздерінің ағайыны Жұмат Досқараевтың мұғалім болғанын жазады. «Ол кезде Семей үлкен мәдени орталық, ағам мені сол жерге апарып еді, бірақ оқуға алатын лимит таусылып қалыпты. Сол себептен мені Қарқаралыдағы педтехникумға жіберді. Ол жерде Арынғазы Боштаев тұрады екен, қызметі ветеринар. Төңкеріске дейін Мәскеу, әлде Петерборда гимназия бітіріпті, өте білімді азамат еді. Орыс тілінен бөлек, француз тілін де білетін. Оның үлкен үйінің бір бөлмесінде кітапхана орналасқан. Мен осыншама көп кітапты алғаш

рет сол үйден көріп едім» – дейді. Осы дәйексөзді келтірудегі мақсатым, халықты оқу, білім жолына салудағы Мұса мырзаның еңбегінің азғана жылдардың ішінде қандай нәтиже бергенін айту. Арынғазы Боштайдың Сүлейменнен туған немересі, кешегі замандағы жақсылардың ұрпағы. Ұлы атасы Боштай нағыз жалындап тұрған шағында, небәрі отыз жеті жасында өмірден өткен, Баянаула еліндегі ізгі бастамаларға мұрындық болған адам. Мәшһүр Жүсіні:

«Бұл Боштай болып өткен дуанбасы,

Хан болған өз тұсында қара басы.

Күнінде дуанбасы ажал жеткен,

Дер кезі отыз жеті – қыршын жасы» – деп жазады.

Боштайдың екі ұлының бірі – Сүлеймен, бірі – Құсайын. Әке жолын қуған Құсайыны болыс болған. Мәшекен: «Баласы Құсайынға кезек келген, болыс боп он жетіде кеңеске енген» – дейді. Аға сұлтан болмаса да, Мұсадан кейін 40 жыл елге сөзі жүріп, абыройлы болған осы Боштайдың Құсайыны. Ал, Сүлейменнен туған Арынғазыдан жоғарыда айтылғаннан басқа дерек жоқ. Оз ойымша, кеңес билігі орнағасын Арынғазыны жуанның тұқымы ретінде жоқ қылып, атын да ататтырмай қойған ба деймін. Осылай Аккелін мектебі түлектерінің тағдыры, 1937 жылы репрессияға ұшыраған Мұхтар Саматов секілді Алаш арыстарының тағдырлары әлі бүркеулі жатыр. Осы күнге дейін өмір жолының кей тұстары беймәлім, «пикарлар» (аты-жөндері белгісіз, сол кездегі қазақтың оқығандарын жасырын түрде өлтіріп жүрген қанішерлер) ажал құштырған адамдардың бірі – Әміре Айтбақин. 1889—1894 жылдар аралығында Томск университетінің медицина факультетін тәмамдаған. 1896 жылы Қарқаралыда дәргерлік қызмет атқарған. Бұрындары бұл кісі жайлы ешкім ауыз ашпағасын білмеуші едік, кейін медицина ғылымдарының докторы Бүркітбай Айдархановтың кітабындағы естеліктер мен фотосуреттерден оның зайыбы Қарқаралыдағы атақты Бекметовтардың қыздарының бірі Махфуза Бекметова екенін, үш баласы болғанын біліп және кіші бауыры Фатихпен түскен суретін тұңғыш рет көрдік.

Ғұбайдулла Бекметов Қарқаралының ең дәулетті көпесі болған. Алаш қайраткерлері Жақып Ақбаев, Райымжан Мәрсеков, Әміре Айтбақин, жазушы Шәріп Өтепов, тіпті орыстың әйгілі жазушысы Анатолий Иванов Бекметовтар айналысының қыздарына үйленгенін оқып, таң қалдым. «Құнанбай салдырған мешіттің бірінші имамы Хасан ахун Сейфуллиннің қызы Мағзума. Одан туған Фатих, ол менің әкем еді» – деп еске алады Бүркітбай Айдархановтың зайыбы Халида 85 жасқа толғандағы өзінің естелік кітабында. Әкесі Фатих Қарқаралының педтехникумында эмсе қазаққа аттары белгілі ғалымдар Ақжан Машани, Шапық Шөкин, Сімет Кеңесбаев, Орынбек Жәутіковтармен бірге оқыған екен.

Қазақ: «Бақ деген нәрсе шыбын тәрізді, соқырдың көзіне де, пұшықтың мұрнына да қона береді» – дейді. Шынында да бақ құсы дейтін нәрсенің адамның ақыл-парасатына қарамай қона беретіні ақиқат. Талай жақсылардың өз өмірінде материалдық та, моральдық та игіліктерге қолдары жете алмай кеткендерін тарихтан білеміз. Алайда, Мұса мырза секілді адамға өз тірлігінде бақ пен абырой білмей қонған емес, нағыз тауып қонған бақ еді. Мұса мырза өз бойындағы кісілікті, ақыл парасат пен басына қонған бақты ұштастыра білген, танымдық сипаты мен тағылымы мол біртуар тұлға десек, артық емес. Тарихтан мәлім Керей Сағынайдың асын өткізу тізгінін Мұса мырзаға ұсынып, ол астың ойдағыдай өтуі оның Арқа өңіріндегі абырой-беделінің ерекше болғанын байқатады. Қанжығалы елінің данагөйі Саққұлақ биге Мұса мырза: «Ассалаумағаләйкөм, Арғынның ақсақалы!» – деп сәлем бергенде, Саққұлақ сынды абыз: «Уағаләйкөмассалам, Орта жүздің шамшырағы!» – деп сәлемін алуын кешегі аталарымыз қанатты сөз ретінде ауыздарынан тастамай өтті. Мұса мырзаға Саққұлақ бидің осы бір ауыз сөзінен артық баға берудің өзі қиын секілді.

Мұса мырзаның саяси көрегендігін, ағымдағы шаруаларды алдынала болжап отыратынына бір мысал. Менің әкем Әділхан деген кісі көп сөйлей қоймайтын аузы ауырлау адам еді. Алла рахмет айласын! Сол әкей бір жолы мынадай бір әңгіме айтты:

– Тұлпар-Сарша атамыздан ертеде Есжан деген есті адам өткен екен. Осы біз отырған, өзің туған Жарсорды (*бұл елдімекен қазір Екібастұз қалалық аумағындағы Шиқылдақ ауылынан. Баянға қарай 25 шақырым жерде – ред.*) сол замандарда алғаш мекен етіп, патша өкіметінен ит терісіне мөр бастырып, заңдастырып алыпты. Оған көмек жасап, бағыт беріп жүрген жарықтық Мұса мырзаның өзі. Ол кезде Жон деп аталатын бұл аймақта қыстау салып қоныстанғандар көп бола қоймаған. Жері жалтаң, қысы ерте түседі, боран-шашыны көп деп, бұл жақты қыстап қалмайды екен. Жазғытұрым Баяннан көшіп шыққан ел жаздай Жонды жайлап, күзге қарай ықтырмасында отырып, қыс түсе қаздай тізіліп елге қайтады.

Есжан Мұса мырзамен тұстас, әрі сыйлас, сөзі де өтімді болса керек. Бірде ол:

– Иә, мырза, Қызылтаудың қойны мен қонышы қанша құтты, берекелі болса да, ертеңгі өсіп-өнетін ұрпақ пен мал-жан сыя бере ме? Өзің билікте тұрғанда, осы Жоннан жер алып, қыстау салғым келеді, – депті.

Сонда жарықтық Мұса мырза:

– Есеке, дұрыс айтасыз, Қызылтау мен Далбаны, аядай Баянауланың баурайы мен Құрттыны қыстау етіп отыра беру жөн болмас. Жердің бара-бара өріс пен өсімге тарлық етері анық. Оның үстіне, патша билігі қазақтың жерінің кендігіне өз тұрғысынан қарап, көз салуы, жана ни-

зам заңдарының шығып жатқаны соның нышаны. Ойыңыз, Есеке, құптарлық екен, қандай жерді қалаған болар едіңіз? Сіздер қозғалып, қыстау салсаңыздар, өзгелерге де өнеге болар еді, – депті. Сөйтіп Есжанның осы тілегінен соң, Жарсорды меншіктендіріп алып беріпті. Сол жердегі сыртқы қора осы уақытқа дейін Есжан қорасы деп аталады. Оның сыртындағы шабындықты оның ұлы Әкімжанның атымен Әкімжанның былкылдағы дейтін ертеде.

Міне, Мұса мырза ХІХ ғасырдың екінші жартысынан бастап, қазақ жері иесіз қалмасын деп, иен даланы иелендіріп, меншіктендірген екен. Бұл да оның жер мәселесін дау-дамайсыз оңтайлы шеше білгенінің, түптің түбінде жерге ие керек екенін ескеріп, алдағысын болжай білгенінің белгісі. 1884 жылы Омбыға баруының бір себебі, жөн білетіндердің айтуынша, халықтың әлеуметтік тұрмыс жағдайын оңалту, ол үшін жер мәселесін шешу болған секілді. Сол жердегі жиналуда өзінің алып барған бағдарламасын ұсынып, шовинист шенеунік Балкашинмен бірталай дауласыпты деген сөз бар. Мәшһүр Жүсіп өзі жоқтауында: «Көп мақсатың бар еді, халық үшін ойлаған. Баяны жоқ сұм дүние, кімдерге опа ойлаған» – деуі осыны негізге алып айтылса керек. Мұса мырзаның Омбы жерінде бір тәулікке жетпейтін уақыт ішінде қайтыс болып кетуі жайлы да әртүрлі жорамалдар бар...

Д. Путинцев Мұса мырзаның қазасы жайлы жазбасында: «Оның өмірлік мақсаты қазақ халқының мұң-мұқтажын өтеу еді. Сол мұратына жетуді көздеген ол түрліше жоба-жоспарлар жасап, оны генерал-губарнатордың алдына қоюды ойлап, 1884 жылдың желтоқсанында генерал-губернаторға келіп, туған халқының тұрмыстық ахуалын түзету жөнінде өзі даярлаған жобаны табыс етті. Сол сапарында 26 желтоқсанда кешке қарай сырқаттанғанын сезеді. Екі сағаттан соң қайтыс болады» – деп жазады.

Түйіндей айтсақ, Мұса мырза қазақи ел басқару жүйесін Еуропа елінің ел басқару ісіндегі кейбір оң тәсілдерімен ұштастыра отырып, жетекшіліктің жаңа бір стилін дүниеге әкелген адам. Өкінішке орай, кенес үкіметі орнағасын, қазақ ішіндегі Мұса Шорманұлы секілді прогрессивті көзқараста болған озық ойлы адамдар ешбір жазықсыз бірнеше ондаған жылдарға ұмытылып қалды. Енді оны қайтадан жаңғыртып, кейінгілерге үлгі ету бүгінгінің борышы.